

Сырдария аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 ақпандағы № 174 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 наурызда № 6209 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5 тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Сырдария аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс
19 сессиясының төрағасы:*

Е.Жақып

Аудандық мәслихат хатшысы:

Е.Әжікенов

2018 жылғы 28 ақпандағы Сырдария аудандық
мәслихаттың № 174 шешіміне қосымша

Сырдария аудандық мәслихатының кейбір күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі

1. "Жер салығының мөлшерлемелері туралы" Сырдария аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 29 ақпандағы № 383 шешімін (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде №5430 болып тіркелді, "Тіршілік тынысы" газетінің 2016 жылғы 06 сәуірде №26 жарияланған);

2. "Бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 шілдедегі № 48 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде №5583 болып тіркелді, "Тіршілік тынысы" газетінің 2016 жылғы 23 тамызда №65 жарияланған);

3. "Жер салығының мөлшерлемелері туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 383 шешіміне толықтыру енгізу туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы № 101 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде №5795 болып тіркелді, 2017 жылғы 24 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

4. "Жер салығының мөлшерлемелері туралы" Сырдария аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 29 ақпандағы №383 шешімінің 1-тармағының қолданылуын тоқтату туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 118 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде №5965 болып тіркелді, 2017 жылғы 25 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ